



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ
ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Мәдениетаралық және дінаралық сұхбат – заманауи қоғамның
тұрақты даму кепілі» атты халықаралық Ғылыми және
оқу-әдістемелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной и учебно-методической
онлайн-конференции
«Межкультурный и межрелигиозный диалог –
гарант устойчивого развития современного общества»
Казахского национального университета имени аль-Фараби

I Секция - Мәдениетаралық коммуникация қазақстандық қоғамдағы жаһандану контекстінде

Секция I -Межкультурная коммуникация в контексте глобализации в казахстанском обществе

1. Кобекова Б.К. Культурная компетентность в межкультурном диалоге.....	3
2. Молдабеков Ж.Ж. Күш-жігерді біріктірмей, ұлттық нысанды аламыз ба іріктей.....	5
3. Дузелбай А. Модернизациялық өзгерістің тұлғаға әсері.....	11
4. Омарова Г. С. Этические мировоззрения Абая и Акыта.....	15
5. Сәрсембай Ш.М. Кинофестиваль – мәдени жоба ретінде.....	22
6. Тулекова Г.Х. Машықтану әдебі мен ауызекі сөйлеуді қалыптастырудың алғышарттар.....	26

II Секция - Діни коммуникацияның заңдық-құқықтық аспектілері

Секция II –Законодательно-правовые аспекты религиозной коммуникации

1. Аликбаева А.Б. Взаимодействие производства, науки и образования: современные аспекты.....	29
2. Арапат А.М., Ешниязова А. Діни коммуникациядағы діни ағымдар.....	31
3. Асанова С. С. Жаңапұтшылдық құбылысы: зерттеу және анықтау парадигмалары.....	34
4. Джекебаева М.А. Діни коммуникацияның ерекшеліктері мен бүгінгі таңдағы маңызы.....	38
5. Затов Қ.А., Ишмаханов Ж. Дінді психологиялық құбылыс ретінде зертеудің методологиялық аспектілері.....	42
6. Зинабадинов А.Ш., Алимжанов А.К. Мұсылмандық рационалды діни философиядағы Құдай және оның сипаттары мәселесі (матуридилік-ашғарилік мысалында).....	45
7. Мейрбаев Б.Б., Есекеева Э.Ф. Влияние ислама на современные Европейские процессы: религиозный обзор.....	51
8. Сәуірбай Д. Ислам әлемі және қазақстандық үдеріс.....	55

III Секция - Мәдениетаралық және дінаралық сұхбат мамандардың құзыретін жоғарылату факторы ретінде

Секция III - Межкультурный и межрелигиозный диалог как фактор повышения компетенции специалистов

1. Аликбаева М.Б. Мәдениеттанулық пәндер бойынша реферат жазу әдістемесі.....	61
2. Бейсенов.Б.Қ., Игисенова А.Р. Заманауи әлемдегі дінаралық сұхбаттың өзекті мәселелері.....	64
3. Габитов Т.Х. Типологический анализ современной казахской культуры.....	66
4. Мұқан Нұрзат, Үгітхан Жеке, Сағатбек Қабыл Қытай мемлекетінің ислам дініне қатысты ұстанатын негізгі принциптері.....	70
5. Асанова С.С. Сунниттік таным бойынша діннен адасушылық және үлкен күнә мәселесі.....	76
6. Исмаил Н.О., Затов Қ.А. Қазіргі заманғы радикалдық идеялар мен әрекеттердің қайналары мен себептері.....	80
7. Әлтаева Н.С. Мормондардың миссионерлік қызметі.....	84

IV Секция - Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың инновациялық әдістері

Секция IV- Инновационные методы преподавания социально-гуманитарных дисциплин

1. **Абжалов С.У.** Дінтанушы мамандарға исламдық пәндерді оқытудың әдістемелік негіздері.....88
2. **Абишева А.К.** Инновационный подход к развитию креативности в разработке международных образовательных программ в области гуманитарных наук.....92
3. **Ахметова З.Б., Белғожақызы М., Шуренов Н.Б.** Кейс-әдістерін семинар сабақтарында қолдану тиімділігі.....95
4. **Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ.** Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің өзекті мәселелері.....96
5. **Бияздыкова К.Ә. Тунгатова У.А.** Семинар сабақты жүргізудегі студенттің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері.....100
6. **Жолдубаева А.К.** Культурология и ее экспертные возможности.....103
7. **Зекай А.Я.** Сектанттар тарапынан психологиялық манипуляцияға ұшырағандарды оңалтудың әдістері.....107
8. **Исмагамбетова З.Н., Карабаева А.Г., Сарсенбаева З.Н.,** Формирование толерантного мировоззрения в процессе преподавания философской, культурологической и психологической дисциплины.....110
9. **Кулумжанов Н. Е.** К вопросу об инновационных методах обучения.....114
10. **Қаңтарбаева Ж.У.** Мәдениеттану пәні бойынша СОӘЖ ұйымдастыру тәсілдері.....117
11. **Мұрғабаяева А.С.** Бала тәрбиесіндегі әуеннің алатын орны.....119
12. **Naraliyeva R.T., Toiganvekova M.Sh.** Innovation modern Methods of Teaching Kazakh as a Foreign Language.....123
13. **Өмірбекова А.Ө.** Жоғары оқу орнында дәріс жүргізудің заманауи әдістері.....128
14. **Рысбекова Ш.С., Рысбекова Г.Е.** Оценка результатов обучения студентов.....131
15. **Сарыбаева И.С., Садырова М.С.** ЖОО түлектерінің кәсіби компетенттілігін қалыптастыру.....135
16. **Хибина Н.Н.** Білім берудегі инновация.....137

жасалған маңызды қадам осындай іс-шараларда дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттері, дінтану пәнінің құрылымы, зерттеу әдістері, ұғымдары мен терминдері, баяндау қағида-тартары, дінтанудың негізгі теориялары, діннің құрылымы және элементтері, діннің қызметі мен рөлі, мәдениет жүйесіндегі діннің рөлі туралы жан-жақты білім беру іске асырылады.

Қазақстанда діни және дінтанулық білім беру саласындағы біртұтас мемлекеттік концепциясының маңызды бөлігі болып *дінтануды мектептер мен университеттердегі, жалпы оқу орындарының барлық деңгейінде барлық мамандық бойынша міндетті пән* ретінде оқу бағдарламасына енгізу мәселесі. Қайталаушылық болмау үшін мектептерде “Діндер тарихын”, ал университеттерде “Дінтану негіздері” пәнін енгізу қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Себебі, біріншіден, Дінтану дін тарихы, дін философиясы, діни философия, дін социологиясы, дін психологиясы, дін антропологиясы, дін феноменологиясы сияқты негізгі құрамдас бөлімдерден тұрады, ал мектепте бүгінгі күні оқытылып жатқан пән, шын мәнінде, дінтану емес, діндер тарихы. Екіншіден, мектеп оқушылары үшін дінтану, оның толық мағынасында, менгеруге күрделі болып табылалы. Және де оны факультативті пән ретінде немесе әртүрлі іс-шаралар арқылы бұл аса күрделі мәселені шешу мүмкін емес, ол тек жүйелі түрде білім беру негізінде ғана мүмкін.

Бияздықова Кенжегүл Әлімбекқызы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Философия ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.
Тунгатова Улжан Асқарбаевна
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Дінтану магистрі
аға оқуғушысы

СЕМИНАР САБАҚТЫ ЖҮРГІЗУДЕГІ СТУДЕНТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ТҮРІ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі заман талабына сай әртүрлі заманауи әдістемелік құралдарда жеткілікті дамып келеді. «Қазақ мәдениетінің тарихы» пәнінде қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, рухани және материалдық құндылықтарын, салт-дәстүрлерін мәдениеттанулық білім тұрғысынан талданады. Сонымен қатар «қазақ мәдениетінің тарихы» пәнінде қазақ халқының әдеп-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерімен танысуға қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналады. «Қазақ мәдениетінің тарихы» пәні курсына отандық мәдени философиялық ойларды менгеру арқылы студенттерде мәдениеттанулық қабілеттілікті қалыптастыру және оның ежелгі даму бағыттарын талдауға арналады.

Қазіргі ғаламданду заманында еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, әлемдік деңгейге көтерілуіне бет бұруы кезеңіндегі ұлттық мәдени – тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарға қоғамың сұранысының өсуі білім жетістіктерін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттігін алға тартады.

Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ететін – білім саласы. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды менгеретін, қайталайтын ғана емес шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаналықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, студенттердің шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе екендігін дәлелдейді. Жалпы студенттердің шығармашылық әрекеті ғылыми – педагогикалық проблема ретінде едәуір зерттелген. Студенттер бойында «шығармашылық әрекет тәжірибелерін» қалыптастыру қажеттілігі туралы 80 жылдары – ак

И. Я. Лернер жазып талдаған болатын.
Біріншіден қазақ мәдениетінің тарихын түсіну мақсатында алдымен оны кеңістік өрісі мен уақыт ағымында қарастырып, кейін қазақ мәдениетінің типтік ерекшеліктерін анықтап. Қазақ мәдениеті еуразиялық Ұлы дала көшпелілерінің мұрагері болып табылады. Сондықтан

осы ұлттық мәдениетті талдауды номадалық (көшпелілік) өркениеттер ерекшеліктерінен бастау алады.

Әрбір ұлттық мәдениет бос кеңістікте емес, адамдандырылған қоршаған ортада әрекет етеді. Мәдени кеңістік оқшау, мәңгіге берілген енші емес. Ол тарихи ағынның өрісі болып табылады. Мәдени кеңістіктің маңызды қасиеті – оның тылсымдық сипаты.

Қазақ мәдениетіндегі жалпы адамзаттық мәнді кісілік құндылықтар мен абсолютті құндылықтарды философиялық талдау – уақыт сұранысы. Бүгінгі ғылым салалары жаратылыстық, объективтік, рухани болмыс мәселелерінен, адамның тылсым ішкі әлеміне бетбұрыс жасап, ізденіс өрісін кеңейту мүмкіншілігін қамтамасыз етуде. Адамгершілік құндылықтары қашанда кісілік қасиеттерде көрініс табады. Біз мәдени мұрамыздағы қазақ елінің тұлғаларының шығармашылық туындыларына үңілсек: адам мәселесіндегі ерекше, заман дағдарысына байланысты ұмыт қалған бетбұрыстар табамыз. Кез келген жаңа идея пісіп жетілуі үшін біраз уақыттарды қажет етеді, нәтижесінде солардың ішіндегі қомақтылары өмір сүру құқығына ие болып, орнын табады. Осында жайта өз шәкірттерімізге өткенге үңіле қарап отырып бүгін мен болашақты түсіндіруге ұмтыламыз.

Қазіргі қоғам талабына орай қазақ мәдениетінің тарихы пәнінде оқытушы мен студент арасындағы өзіндік жұмыстарды, семинар сабақтарды жүргізу барысында көптегін әдістер қолдануға болады, соның бірі ретінде студенттің шығармашылық қабілетін дамыту десекте болады.

«Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештемемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді» Ж. Аймауытовтың бұл пікірі белгілі психолог А. Н. Леонтьевтің адам психологиясы тек іс - әрекет үстінде дамып отырады дейтін қағидасына жақын тұжырым деп есептейміз.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, студент шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. «Шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі, екі құрамдас бөліктен тұрады. Шығармашылықты: біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады, екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы қарастырылады, оқытушыға жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты.

Шындығында, қоғамның өзі – ойлауға қабілетті, сана мен жігерге ие индивидтер жиынтығы, сондықтан да қоғам дамуының концепциясында адам қызмет субъектісі ретінде басты орын алуы қажет. Қоғамдағы өзгерістердің шешуші факторы – жастар яғни, студенттер.

Қазіргі қоғамның кемелдену саясатының жетістіктері де, қиындықтары да, сәтсіздіктері де жеке адамның бойынан көрініс табады. Сондықтан да адам проблемасын, жалпы «адам-қоғам» жүйесінде адамды маңыздылығы жағынан екінші орынға ығыстра беретін көзқарастан арылып, оның болмысының рухани-адамгершілік кісілік негіздерін зерттеу аса маңызды және өзекті мәселе. Яғни осындай туындайтын ой, студенттің шығармашылық ізденісінен қалыптасатын өз қабілеті қалыптасып дамиды десекте болады.

Сондықтан шығармашылық қабілет әр студенттің табиғатында болуы мүмкін. Менің міндетім – студентке оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Міне, осы міндетті жан – жақты ашып көрсету үшін «Студенттің шығармашылығын дамыту» атты тақырыпта жұмыс жасаған дұрыс. Осындай әдістерді қолдана отырып студенттің ой-өрісін дамытуға және қалыптастыруға болады.

Қазіргі уақытта білім берудің негізгі талаптардың бірі – студентті әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Соңғы жылғы іс – тәжірибеде байқалған негізгі үрдіс – студент шығармашылығын дамыту – тек тұлғаның өзін-өзі дамыту қажеттілігіне негізделген. Ендеше осы қажеттілікті студент санасына жеткізу – бүгінгі тақырып.

Студент шығармашылығын дамыту ісі үзліксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабынан туындайтын қажеттілік. Қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіндігіне байланысты.

Студент шығармашылығы практикалық әрекеттерде, ізденімпаздылық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда студентке ерекше ахуал, оқытушы мен студент арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Оқытушы бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс - әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана студент интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Студент шығармашылығын дамыту үшін шығармашылық пен қызығушылық қабілеттерін қалыптастыруы керек:

- қызығушылығы - мәтінмен жұмыс істеулері
- танымдылығы - тіл дамыту жұмыстары
- ойлауы - өзіндік жұмыстары
- есте сақтауы жатса, - ізденімпаздық жұмыстары жатады.

Студент шығармашылығын дамыту – білімдік үрдіс субъектілерінің және білім мазмұны мен жүйелердің өзара әрекеттесу аймағы. Сөзім дәйекті болу үшін жоғарыда көрсетілген критерилерді өз іс – тәжірибемде қалай, қандай жолдармен іске асыратынымға тоқталайын.

Студенттердің шығармашылық әректі мен танымдық қабілеттерін арттыруда мәтіннің алатын орны ерекше. Мәтіндерді оқу, талдау барысында студенттердің оқиғаға қатысты өз ойларын жеткізулеріне, әңгіме кейіпкерінің қылықтарын бағалай білуіне, автордың оқиғаға қатысы, көзқарасы қандай екендігін анықтай алуына назар аударылуы тиіс. Біл жерде жеке сөздерді жаттап қою не мәтінді аудару емес, өз бетімен дербес жұмыс жасай, ойлай білу, білімін толықтыру, белсенді болу, деңгейлік тапсырмалар орындау.

Мысалы: Қазақ мәдениетінде еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан кісілік рухани құндылықтар әлемін жүйелеу болғандықтан, қазақ ойшылдарының дүниетанымына жан-жақты мәдениеттанулық талдау жасай отырып, қазақ данышпандарының ортаға салған кісілік құндылықтар туралы идеялары дәл қазігі заманда да өз мәнінде ме және қалай жалғасын табауда? деген сұрақта студенттер қиялдау, талдау, салыстыру, қарым-қатынастық байланысты айқындай білу, тұжырым жасай білу секілді ой операцияларын орындауды талап етеді.

Әр семинар сабақта өтіліп тұрған осындай жүйелі жұмыстар төмендегідей нәтиже беруде. Студенттердің шығармашылық әрекеті мен ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыстар арқылы берілетін тапсырмалар пәнлік білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Мұндай тапсырмалар негізінен сөйлеу мен тындап түсінуге бағытталған

- репродуктивті жаттығулар;
- сөздікпен жұмыс;
- философиялық, мәдениеттанулық термин сөздіктермен жұмыс жүргізу;

Репродуктивті жаттығулар күрделі тапсырмаларды орындау білігін қалыптастыру жолындағы қажетті кезең болып табылса, сөздікпен жұмыс жеке сөзбен тыңғылықты жұмыс жүргізу студентке сөздің мағынасын жан жақты түсінуге, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік береді. Сөз тіркестерімен жүйелі жұмыс жүргізіп отыру студенттің сөз байлығын молайта түседі. Сөз тіркесін ойлап табу; олардың мағынасын түсініп, сөйлем құрау; мәдениеттанулық және философиялық термин сөздерді орысшадан қазақшаға не қазақшадан орысшаға аудару жұмыстары орындалады.

Студенттер бұл жерде жаңа ұғымдармен танысып қана қоймайды, өзіндік жұмыстар арқылы жаңалыққа деген қызығушылықтары артады. Жаңалыққа деген қызығушылық – басты ішкі талпыныс болып табылады. Студенттерде жаңа, өзі білмейтін іске деген қызығушылық басым болады. Ондай істер студенттің бар ақыл – ойын, ішкі күштерін жұмылдырады және ерекше қуат береді. Осы негізде жеке тапсырмалар орындау, сөзжұмбақ, бейнесөз құрастыру қызығушылықтарымен қоса, шығармашылықтарын дамытады. (студенттердің шығармашылықтарын көрсету)

Қазақ ойшылдарының мәдени синтезінен түйінделген өркениеттік-әдептік ұстанымдағы жақсылық пен жамандықты айыра білу қабілеттілігін жетілдіру арқылы толыққанды кісі – «кемел адамға» жету мүмкіндігін қалыптастыру деп атауға болады. Жалпы адамзаттық құндылық болып саналатын сүйіспеншілік, қайырымдылық, еркіндік,

имандылық, ар-намыс, ар-ождан, ерлік, инабаттылық сияқты кісілік қасиеттерді тұлғаның адамгершілік өлшемі деп санасак, кісі бойына қуат берер осынау ізгі қасиеттерге баулу қазақтың ұлы жырауларының шығармашылығында жақсы суреттеліп бейнелейді.

Студенттермен күнделікті ұйымдастырып отырған қызықты өзіндік жұмыс түрлері өте жақсы көрсеткіш беруде. Мұның өзі үлкен жетістік.

Мысалы: Қазақ халқының өмірде кісілік қасиеттерді жете білуге, осы қысқа өмірді адам атына сай болып өткізуге шақыратын позитивтік сипатқа ие экзистенциалдық өмірмәндік түсініктерінің тәуелсіз еліміздің мүшелерінің рухани қажеттілігіне айналуы қазіргі қоғамымыз үшін аса маңызды, себебі кісілік қасиеттер мәселесін жеке тұлғалық сана деңгейінде игере білу жалпы қоғамның адамгершілік және идеялық жағынан кемелденуінің қажетті шарттарының бірі болып табылады.

Қорыта келгенде, шығармашылық тұлға басқалардан өз ісіне деген сенімділігімен, қиял ұшқырлығымен, әдемілікті сезіне білуімен, өзгеше шабытымен ерекшеленеді. «Өз ойын жаза білу зиялылықтың бірінші белгісі. Шығармашылық адамның бақылағыштық қабілетін, қиялын, фантазиясын дамытады» - деген А. Рыбаковтың пікірі осыған дәлел.

Ендігі мәселе: Шәкірт бойындағы шығармашылық қиял, дарын, қабілет бастауын одан әрі дамытудың жолдары қандай және ол үшін мен болашағыма қандай жоспар алдым.

Жауап біреу – ақ. Болашақта өз студенттеріміздің шығармашылығын дамытуда ізденімпаздылық жұмыстарға, соның ішінде жобалау технологиясына байланысты зерттеу жұмыстарына қатысу. Яғни, студенттерімізді университеттік, қалалық ғылыми – практикалық конференцияға қатыстыру. Мұның өзі шығармашылық жұмыстың шарықтау шегі.

Халық даналығы «Өзін-өзі билеген ел бақытты, өзін-өзі таныған ер бақытты», – дейді. Тәуелсіздік мемлекеттің егемендігімен мағынаға ие болса, рухани егемендікпен мәні толығады. «Өзіңді-өзің таны» тезісі адамның рухани кемелденіп, ақиқат білім иеленуінің кепілі ретінде сан ғасырлар бойы ғұламалар тарапынан айтылып келеді. Қазіргі еліміздің дамуының өзгеше ерекшеліктерінің бірі, оның болашаққа ұмтылысы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мәдениеттану сөздігі // Құлсариева А. Т. – Алматы: Сорос қоры, 2001. – 332 б.
2. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдеп негіздері. – Алматы: Мұраттас, 1997. – 114 б.
3. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: Ұлттық идея кең мәтінде. – Алматы: Раритет, 2009. – 285 б.
4. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің типологиясы. – Алматы: ҚазМУ, 1998. – 202 б.

Жолдубаева А.К.
д.филос.н., профессор
ҚазНУ им.аль-Фараби

КУЛЬТУРОЛОГИЯ И ЕЕ ЭКСПЕРТНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

Культурология занимает особое место в структуре современного обществознания. Она имеет не только социальную, но и гуманитарную составляющую в своем предметном поле, способствуя осмыслению человеком своего места в культурной системе, помогая в выборе ценностных ориентиров, облегчая процессы межличностного взаимодействия. Иным фактором значимости культурологии выступает ее связь с широким смыслом понятия культуры, понимаемой нами не только как специальной сферы жизни общества, но и как ценностной, нормативной и символической составляющей содержания любой сферы деятельности людей. Именно это имеется в виду, когда говорят об инженерной культуре, хозяйственной культуре, правовой культуре, политической культуре, информационной культуре и т.п.